

**Қызылқоға аграрлы – техникалық колледжі КМҚК-нің  
«Қамқоршылық кеңес» отырысының**

**Хаттамасы**

**№2 отырыс**

**Сағыз ауылы**

**17. 01.2023 ж**

Қызылқоға аграрлы-техникалық колледжі КМҚК-нің жанынан ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылдың 27 шілдедегі №355 бұйрығы негізінде құрылған Қамқоршылық кеңесінің кезектен тыс отырысы өтті.

**Қатынасшылар саны: 8**

**Күн тәртібінде:**

1. Атырау облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету Департаментінің кезекті мемлекеттік аттестаттау бұйрығы негізінде жасалған жұмыстар жөнінде колледж директоры Ж. Кукембаевтың есебін тыңдау

**Тыңдалды:**

**Нұрғалиева Айша-жиналыс төрағасы:** Құрметті бүгінгі «Қамқоршылық кеңестің» кезектен тыс отырысына қатысушылар, бүгінгі жиналысқа кеңестің 8 мүшесі қатынасып отыр. Кеңес мүшесі С. Тажмағамбетов жұмыс бабына байланысты бүгінгі кезектен тыс жиналысымызға қатыса алмады. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша колледж директорына сөз кезегін береміз. Аталған күн тәртібіндегі мәселе бойынша өз ойларыңызды ортаға салып отырыңыздар.

**Колледж директоры Ж. Кукембаев:** Қайырлы күн, кеңес мүшелері! Биыл колледжіміз ақпан айында мемлекеттік аттестаттаудан өтеді. 2022 жылдың қараша айында Атырау облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету Департаментінің бекітілген кестесімен, колледжішілік өзін-өзі бағалау кеңесінің жұмысы туралы таныстырып өткім келеді. Колледжішілік өзін-өзі бағалау кеңесінің мүшелері білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалау құрылымы (әдістемелік ұсынымдарға 14-қосымшасы) бойынша жұмыстар жасап, жан-жақты талдап, өзін-өзі бағалау құрылымына сай материалдар дайындап, сканерленіп, колледждің сайтына салынуда. Алдағы тұрған мемлекеттік аттестаттаудан колледж ұжымы абыроймен өтеді деп сенемін.

**Бижанова Гүлминат – ата-ана:** Осы қамқоршылық кеңес құрамында екінші жыл мүшелік етудемін. Колледж өз миссиясын мүлтіксіз атқарып келеді. Алдағы жылдарға қойылған жоспарларға сай жұмыс жасап, оқу сапасын, колледждің материалдық базасын жақсарту үшін жағдай жасауда. Студенттерде колледж мәртебесін көтеру үшін түрлі деңгейдегі конкурстар мен жарыстарға қатысып, жүлделі орындарды иеленіп жүр. Мұғалімдердің де білім беру сапасына ата-ана ретінде көңіліміз толады. Алдағы аттестаттауда сәттілік тілейміз, абыроймен өтулеріңізге тілектеспіз.

**Қаулы:**

Күн тәртібіндегі мәселелерді тыңдап, талқылай келе, төмендегідей қаулы етеді:  
1. Колледж директорының 2022 жылғы 25 желтоқсандағы №231 бұйрығы негізінде құрылған мемлекеттік аттестаттау шеңберіндегі колледждің өзін-өзі бағалау есебі мақұлданын.

**Жиналыс төрағасы:**

**Жиналыс хатшысы:**

**Нұрғалиева А.**

**Бижанова Г.**